

**<sup>1</sup>Аяпбекова А.Е., <sup>1</sup>Демеуов А.Б., <sup>3</sup>Сагымбай О.Ж.**

<sup>1</sup>«Тұран Астана» университеті, Қазақстан, Астана қ.  
<sup>3</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: <sup>1</sup>alya1960@list.ru, <sup>2</sup>oketaykaznu@gmail.com

## **ТУРИЗМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ДАЙЫНДАУДА ТОПОНИМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР**

Халықаралық сарапшылардың қорытындысы бойынша туристік саланы дамыту жөніндегі маңызды шаралардың бірі оның ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады. Республикада саланың ғылыми-әдістемелік базасы жоқтың қасы, ал осы уақытта Германия, Ұлыбритания Великобритания секілді әлемнің дамыған елдерінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұлттық туризмнің даму болашағын зерттеу және болжамдау жөніндегі орталықтар бар. Туристік кадрларды сапалы дайындауды қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орындары білім берудің мазмұнын ғылыми зерттеулермен жаңарту мәселелерін ұйымдастыру жолдарын қарастыруда. Өзекті мәселелердің бірі туризм қызметкерлерінің туристік-өлкетану сауаттылығы мен танымдық қызығушылық біліктілігін арттыру, қалыптастыру болып табылады. Ал топонимика – туған өлке тарихын оқып-зерттеудегі дереккөзі. Топонимика ғылымының ерте кезеңнен бастап даму тарихы мен жергілікті ландшафт ерешеліктерін білдіретін атаулардың бірлестігі және жүйелеу принциптері географиялық ғылыми тұрғыдан зерттеліп, қарастырылып, талданып, тұжырымдарын туризм саласында қолдану мамандарды және туризмді дамыту жоспарларын жүйесін іске асыру септігін тигізеді.

Білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы гидтар, саяхатшылар, туризм нұсқаушыларын қоса алғанда, туристік индустрия мамандарын, туризмнің тұрақты даму теориясы, тәжірибесі мен ақпарат көздерін тиімді ұйымдастыру жолдарын қарастыру. Мақалада елімізде туризм мен рекреациялық орталықтарды дамыту кешенді құбылыс әрі бірнеше құрамдас бөліктерден тұратын күрделі жүйе зерттеу нәтижелері ұсынылған. Осы тұрғыдан алғанда туристік саланың дамуы кез келген аумақтың ландшафтысына яғни туристік мүмкіндіктеріне байланысты бөлінеді: туристік жорықтар (спорттық, белсенділік), саяхаттар, экскурсиялар, көңілді әрі пайдалы мәдени дәрежені көтеру, денсаулықты нығайту құрамы анықталды. Жалпы айтқанда табиғи ортаның қолайлы, қолайсыз қиыншылық жағдайларына байланысты ұйымдастырылатын жоспарлы, жеке талапкердің туристік іс-шаралары. Жоспарлы саяхаттар мен туристердің өздері өз күшімен ұйымдастырылатын саяхаттар мен жорықтар кезінде топонимдер туралы ақпарат-мәлімет, дерек мағлұматы өзекті мәселенің бірі болып табылады.

**Түйін сөздер:** қара, мортық, ландшафт, шатқал, сай, тақыр, жар.

Ayapbekova A.Y., Demeuov A.B., Sagymbay O.Zh.

<sup>1</sup>«Turan Astana» university, Kazakhstan, Astana  
<sup>3</sup>Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: <sup>1</sup>alya1960@list.ru, <sup>2</sup>oketaykaznu@gmail.com

### **Toponymic research for the training of tourism staff**

According to the results of the international experts one of the most important measures for the development of tourism is its scientific and methodological support. There are no scientific and methodological basis of the industry, and currently, there are centers for research and forecasting of development of national tourism, which are financed from the state budget in developed countries, such as Germany, UK In order to ensure quality training of tourist staff at higher education institutions consider ways of organizing the issues of updating the content of education in research. One of the most pressing problems is the tourism of local literacy and cognitive interest of workers in tourism. And place names is

the source of studying the history of the region. The combination of names and principles of systematization of place names and features of the local landscape since the early geographical point of view will be studied, analyzed, analyzed, and used in the tourism industry and will contribute to the implementation of the plan of tourism development plans.

Updated educational program, included in the educational process – the study of the ways in which the organizers of the tourism industry, including tour guides, travelers, instructors in tourism, the theory of sustainable development, experience and information sources. The article presents a comprehensive study of the development of tourist and recreational centers in the country and a complex system of components, consisting of several components. From this point of view, the development of the tourism industry is characterized by a landscape any areas, i.e. tourism opportunities: tourism campaigns (sports activity), travelling, excursions, fun and healthy cultural level, as well as health promotion. Overall, this is a planned, personalized tourist activities of the candidate, organized in accordance with a favorable adverse environmental conditions. During trips and hikes organized by the tourists themselves tourists, information about the names and data was one of the urgent problems.

**Key words:** Kara, mortyq, landscape, chatkal, sai, takyr, cliff.

Аяпбекова А.Е., Демеуов А.Б., Сагымбай О.Ж.

<sup>1</sup>Университет «Тұран Астана», Қазақстан, г. Астана

<sup>2</sup>Университет «Тұран Астана» университеті, Қазақстан, г. Астана

<sup>3</sup>Казахский национальный университете имени аль-Фараби, Қазақстан, г. Алматы

E-mail: <sup>1</sup>alya1960@list.ru, <sup>2</sup>oketaykaznu@gmail.com

### Топонимические исследования для подготовки туристических сотрудников

По результатам международных экспертов одной из важнейших мер по развитию туризма является его научно-методическое обеспечение. В стране нет научной и методологической базы промышленности, и в настоящее время существуют центры для исследований и прогнозирования развития национального туризма, которые финансируются из государственного бюджета в развитых странах, таких как Германия, Великобритания. В целях обеспечения качественного обучения туристского персонала высшие учебные заведения рассматривают пути организации вопросов обновления содержания образования в научных исследованиях. Одной из наиболее актуальных проблем является туризм, а именно местная грамотность и познавательный интерес работников туризма. Топонимика является источником изучения истории региона. Сочетание названий и принципов систематизации истории топонимики и особенностей местного ландшафта с самой ранней географической точки зрения будет изучено, проанализировано, проанализировано и использовано в индустрии туризма и будет способствовать реализации планов развития туризма.

Обновленная образовательная программа, включенная в учебный процесс, – это изучение способов организации индустрии туризма, теории устойчивого развития, опыт и источники информации. В статье представлено всестороннее исследование развития туристических и рекреационных центров в стране и сложная система компонентов. С этой точки зрения развитие туристической индустрии отличается ландшафтами любой территории, то есть возможностями туризма: туристическими кампаниями (спортом, активностью), путешествиями, экскурсиями, велселем и здоровым культурным уровнем, а также укреплением здоровья. В целом, это запланированная, персонифицированная туристическая деятельность кандидата, организованная в соответствии с благоприятными и неблагоприятными условиями окружающей среды. Во время поездок и походов, организованных туристами и самими туристами, информация о топонимах и данных была одной из актуальных проблем.

**Ключевые слова:** кара, мортык, ландшафт, шаткал, сай, такыр, жар.

### Кіріспе

Еуропа мен Азия секілді екі ірі құрлықтың қиылысар жерінде орналасқан, көне заманнан Ұлы Жібек жолының негізгі бөлігі болып саналған, аумағында көптеген мемлекеттер қоныс теуіп, аумақтық ерекшеліктеріне сәйкес ішкі және сыртқы саясатқа қатысты мәселелерді шешуде маңызды роль атқарған Қазақстан аумағының топонимикалық жүйесін зерттеудің ерекше мәні бар. Дәлел, қойнауы асыл қазына мен кең

байлыққа толы әрі физикалық географиялық сыр-сипатқа бай өлке. Қазақстанның жер-су атауларының мән-мағыналары мен шығу төркіні де ғылыми тұрғыдан дәйекті зерттеуді қажет етеді. Сондықтан да республиканың географиялық атауларын синхрондық жағынан ғана қарамай, диахрондық тұрғыдан да жете зерттей түсуіміз керек (Аяпбекова 2013).

Ғаламшарымыздағы өркениеттің дамуы, ақыл ойдың өрістеуі, қоршаған орта мен қоғамды

тануға ұмтылыс жасауы нәтижесінде адамзат баласының санасында географиялық ортаға деген ұғым нық қалыптаса бастайды. Табиғатпен «тіл табысу» табиғат ресурстарын игеруге, табиғаттың түр - түрпатын бедерлеуге, мұнан соң географиялық атаулардың пайда болуына алып келді. Кең дала төсінде, табиғатпен етене өмір сүру жалпы көшпенділер жұртының, қала берді қазақ халқының төл мәдениеті деп түсінсек халықтық ұғымдағы геоэкологиялық түсінік элементтері географиялық атауларда жинақталды (Аяпбекова 1999).

Адам баласы пайда болғаннан бері әр ұрпақ өздері ойлап тапқан және уақыт өте қалыптасқан материалдық мәдениет пен рухани мәдениеттегі жетістіктерін мұра ретінде қалдырып отырды. Бұлай болмаған жағдайда, біз бүгінгі қоғамды көз алдымызда мүлдем басқаша елестетер едік. Адамзаттың қай заманда болмасын алдына қойған ең басты мұрат-мақсаттарының бірі дәстүрді сақтау, ұлттық құндылықтарды қадірлеу болғандығына ешкімнің де таласы жоқ (Бартольдт 2015). Бұл үрдіс тек бір ғана халыққа, ұлтқа тән ғана емес, сонымен қатар жер бетіндегі адам баласының бәріне тән. Біздің қазақ халқы да атадан балаға сан ғасырлардан қалыптасып жеткен асыл қазынасын келешек ұрпақ мақтан тұтып айтып, сақтап жеткізетіндей өшпес мұралар қалдырды (Бірмағамбетов 1986). Географиялық атауларды қалыптастырушы негізгі фактор - халық десек, кез - келген халықтың рухани элементті өзі өмір сүрген орта мен өзі қолданыс ретінде пайдаланған, тұтынған шаруашылық тұрғысынан алатыны айқын. Осы ретте, қазақ халқына тән топонимдер көшпелі - отырықшы мәдениетіне орайластырылып, мал шаруашылығы, жануарлар әлемі және фитонимдік ұғым санатында өрбіп, нәтижесінде жер-су аттарын айыра білу, географиялық нысандардағы белгілерді нақтылауға алып келді. Сондықтан да қай өңірге тән топонимді алмайық сол дала халқының түсінік ұғымы, физикалық-географиялық құндылықтарын көрсететін мәлімет екендігіне көз жеткіземіз.

### **Бастапқы деректер мен зерттеу әдістері**

Ономастикалық зерттеулер тіл, тарих, археология, этнография, география, социология, геодезия және басқа ғылымдар саласындағы мамандардың ғылыми зерттеу жұмыстарына зер салудың шын мәнісінде қажет етеді. Ономастикалық танып-білу тарихының көптеген мәселелерін дәлме-дәл анықтап, зерттеу бір-

ден тындыра салатын жұмыс емес, бұл саладағы міндеттер көп (Горбунов 2006). Қазақстанның географиялық орны мен табиғат жағдайларының айырықша сипатына байланысты зерттеушілер назарына ерте іліккен. Бұл көптеген тарихи топонимдердің жазба нұсқаларының сақталып, осы күнге дейін жетуіне себепші болды. Көне карта мен жазба еңбектерден тапқан топонимдерді қазіргі атаулармен салыстырып, талдау негізінде көптеген географиялық атаулардың тарихи кезеңде өзгеруіне қатысты.

Қазақстан топонимиясының қалыптасуын жергілікті табиғат жағдайларын дәстүрлі дүниетанымы мен шаруашылық қажеттерге орай бейнелеумен байланысты жүрген тарихи құбылыс деп бағалауға болады.

Қазақстанның топонимикалық жүйесін жан-жақты талдау барысында жер-су аттарын географиялық ғылымдар тұрғысынан топтастырудың қадамы жасалынды. Топонимдерді топтастыру нәтижесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы көрнекті орын алатыны, топонимдер атауларында жергілікті жердің ландшафттық келбеті бейнеленіп, халықтың географиялық білімі жинақталғаны анықталды.

Топонимика ғылымы бір күнде аяғынан тұра қалған жоқ. Ол адамзаттың, оның ішінде Орталық Азия халықтарының да талай ғасыр рухани дамуының арқасында жетіліп келеді. Өйткені қандай жаңа болмасын көнеден жетіледі жаңаға жетеді, сондықтан көнені танымай жаңаны болжау мүмкін емес. Қазақстан аймағының географиялық жер-су атауларының эволюциясын (шығуы, қойылуы мен даму тарихын) зерттеу – Қазақстан топонимикасының өзекті мәселелерінің бірі (Гумилев 1979; Ердаулетов 2000).

Табиғатты сақтау талаптарын ескере отырып қазақ жер-су атауларының қоршаған ортаны игерудегі ролін анықтау. Халықтық жер-су атауларының тұтастығын географиялық ғылыми негізде қабылдап, қоршаған ортаға тиімді ықпал ету жөніндегі іс-әрекетін меңгеру

Ертерек кезде Қазақстан жерінде болған ғалымдар, саяхатшылар өз еңбектерінде қазақ халқының табиғатты бақылай білу қабілетін, оған деген қамқорлық қасиеттерін ерекше атап өткен. Қазақстанның байтақ даласындағы жер атаулары табиғи орта туралы шежіре десе де болады. Жер атаулары тек ландшафттық мағлұмат беріп қоймайды, сонымен бірге халық даналығының айғағы ретінде қанатты ойларға өріс ашқанын, нақтылы әрекетке де бастай алаты-

нын аңғаруға болатынын және географиялық атаулардан геологиялық тұжырымдар түйе білген белгілі ғалым Қ.Сәтбаевтың пайымдаулары мұның белді айғағы екендігін әңгімелеп түсіндіреді (Ердаuletов 2010).

Қазіргі уақытта географиялық атаулар олардың шығу тегі мен мағынасына объективті, дұрыс көзқараспен қарауды қамтамасыз ететін арнайы ғылым-топонимиканың зерттеу нысаны болып табылады.

### Нәтижелер мен талдау

Осы күнге дейін зерттеушілер тіл қазынасына бай халыққа назарын аударып, ғылыми қазақ тілінің жасалуына негіз болуының өзін тарихи феномен деуге болады. Бұл жөнінде 1910 жылы шағатай тілінде жарық көрген «Тауарих-Хамса» атты кітаптың авторы Қ.Халид былай жазған: «Менің өте таң-тамаша болатыным қазақ оқымаған халық деген лақап айтылады (Жанұзақ 2004; Каспий қайраңы 1996). Ал, жағырафия, астрономия сияқты арнаулы пән оқымай білуге, қиын соғатын жер белгілерін айырып, соған дәлме-дәл ат қойып сөйлейді». Мысалы, Құйрық сауыры әуесін, Арқа жанды, сурун жайлау, сары бел деп айтылады. «Сурун» парсыша «сары». Арқа шебі сары түсті болған соң айтқаны. «Жон» деп үлкен «белге» айтылады, кішілеу болса «белен» дейді. Атығай сор кезең – деп жондары төмен, аласа болса «кезен» деп түсіндіреді (Горбунов 2006).


Айналамыз атауларға толы. Біз географиялық атаулар әлемінде өмір сүріп жатырмыз десек, артық айтпаймыз. Атауларсыз ешбір қызмет жүзеге асуы мүмкін емес: олар біздің туылған және тұрғылықты орнымызды, жұмыс орны мен демалатын жерімізді анықтайды. Тіпті

қала сыртына жасалатын ең шағын деген саяхат барысында да атауларға жүгінеміз, мысалы, біз пойызға отыратын вокзал, баратын станциямыз, шомылатын өзен және т.б. Ал егер ұзақ саяхат жасайтын болсақ, біз кезігетін атаулар саны бірнеше есе артады.

Жер бетінде дүние бөліктері мен материктер, мемлекеттер мен оның құрамындағы облыстар, провинциялар, штаттар, қалалар, қыстақтар мен ауылдар; таулы елдер, үстірттер, сілемдер мен шыңдар, өткелдер мен мұздықтар, ірі және шағын өзендер, байтақ далалар, жазықтар, тундралар және шағын шатқалдар өзіндік атауларға ие. Бүкіл жер бетінде қанша географиялық атаулар бар екендігін ешкім әлі санаған жоқ, алайда жекелеген елдерде, облыстарда, аудандарда, жүргізілген санақтар арқылы олардың жалпы саны жүздеген миллионға жететінін білуге болады.

Мемлекеттік карта - әлемге ұсынатын ұлттық маңызы бар құжат. Жер-су атаулары бүгін өзгертіп, ұнамаса ертең қайта ауыстыра салатын тауар емес. Ол өзінің болмысы бойынша стратегиялық саясатты талап етеді. Өйткені атау өзгерісі тек саяси, идеологиялық қана емес, экономикалық сипатқа да ие. Сондықтан гидтардың топонимикалық дайындығы әсіресе мұқият болуы керек. Себебі топонимикалық білімдердің қалың бұқара арасында таралуында туризм нұсқаушылары мен экскурсия жүргізушілердің рөлі жоғары. Туристер әдетте экскурсия жүргізушіге үлкен сеніммен қарайды, олар алдын ала нақты танымдық ақпарат алуды жоспарлайды, көбісі, әңгімені есінде сақтау үшін оны қағазға түсіреді (Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы 2008).

Зерттеліп жатқан аймақтың географиялық және тарихи ерекшеліктеріне байланысты



1-сурет



2-сурет


географиялық атауларға қатысты мәліметтерді қарастырудың аса қажеттілігі жоқ. Бұл тікелей қазіргі заманғы туризм географиясынан туындайды. Кең байтақ Отанымызда туристтер бармаған аймақ қалмады деп айтуға болады. Тіпті, Солтүстік Мұзды мұхитының жағалауы ғана емес, сонымен қатар, Солтүстік полюс те туристтік объектке айналған. Мұндай кең аумақты туризм жағдайында географиялық атаулардың бір аудандарда мәдени-тарихи сипатына басымдық беріліп, қызығушылық тудырып жатса, басқаларында – халық пен оның шаруашылығымен байланысты сипатына, ал кейбіреулерінде – өткен тарихынан сыр шертетін табиғаттың қазір-

гі жағдайы сияқты және т.б. сипаттарына мән берілетіні түсінікті (Қазақстан Республикасы топонимдері 2008; Қазақ энциклопедиясы 1997). Туристер топонимияны табиғи тарихтың міндетті элементі ретінде таниды.

Бүгінгі турист пен туристік топқа, саяхатшы мен саяхатшыларға жергілікті жердің жер-су атаулары құнды деректер болып табылады. Себебі, табиғат құбылыстарын, жер бедерлерінің ерекшеліктерін, елдің шаруашылық тыныс-тіршілігінің бейне көрінісі мен қоғам өміріндегі тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің жай-жапсарларын анықтап айқын көрсететін жер-су атаулары. Физикалық-



3-сурет



4-сурет

географиялық атаулардың өміріміз бен тірлігіміздің рухани байлығына тән ұлттық мәдени ескерткіш ретінде ғана құнды емес, бүгінгі таңда халықаралық ғылыми мән-мазмұнға ие (Қазақ Совет энциклопедиясы 1980). Жер-су атаулары тіл, тарих, археология, этнография, социология, геодезия, биология, география және картография және басқа ғылымдар саласындағы мамандардың ғылыми зерттеу жұмыстарына зер салынып физикалық-географиялық мағыналары жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланыстырылады. Жоғарғы келтірілген бірнеше ғылымдар тұрғысынан сарапталған жер-су атауларында жинақталған туристік білім қоры жатыр. Сан алуан ақпараты бар белгілі заңдылықтарға негізделген топонимдер. Жер-су атаулары аумақтың өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің және жер бедері, пайдалы қазбалары, судың минералдық құрамы, жергілікті жердің климаты мен биік таулы, жазықты ландшафттар ерекшеліктерін туристерге білдіреді (Керімбаев 1984).

Мысалы, «Әнші», «Құм көшу», «Қарынжарық» құмдарының еншілеп келген сырлы

атаулары ғалымдарды, саяхатшыларды және туристерді қызықтырады. Топонимикалық зерттеулер география ғылымында бой көтеруде және мазмұны күрделі әрі өзекті екеніне көз жеткіземіз. Мәселен, «Әнші құмы» Жетісу жерінде, Іле өзенінің ортаңғы саласында орналасқан табиғат туындысы. Үлкен және Кіші Қалқан тауларына сән беріп тұрған ереше табиғат ескерткіші (Керімбаев 1992). «Әнші құм» құпиясы қазіргі ғылыми түрде зерттеліп ашыла түсуде. Саяхатшылар мен туристердің «Әнші құмның» үнін есту үшін құпиясына қызығуы жалғаса түсуде. ТМД ғалымы В.И.Арабаджи құмның әр түрлі жағдайдағы шығаратын дыбысы магнитофон таспасына жазылып лабораторияда зерттелуде. Себебі, «Әнші құмнан» алынған құм да кәдімгі жағдайда дыбыс шығарады. Ғалымдар осы құпияларды ашу үстінде (Конкашпаев 1963).

«Құм көшу құмы» Торғай өңірінде Жанкелді ауданының аймағында, атау құмдардың орын ауыстырып көшуіне байланысты атаған. «Қарынжарық құмы» Маңқыстау түбегі мен Үстірт аралығындағы құмды ойыс. Қарынжарық

құмының атауы жер бедерінің жағдайына байланысты қойылған. Негізінен Қарынжарық құмында гипсті және саздақты ойыстар жиі қалыптасқан.

Құм аралықтарындағы ашық аналық жыныстарында 3-6 м тереңдікте минералды жер асты сулары бар. Құмды төбелердің биіктігі 2-5 метрден, кейде 5-15 метрге, ал батыстағы жері – дөңестеу биіктігі 200 метрге жетеді. Осы, құмды аймақ жер бедерінің ерекшелігі қызығушы халықты келтіруде. Қазақстан өңірінде кен орындарының кеңінен өрістегені бұл күнде ғылымда толық анықталып отыр (Конкашпаев 1963). Бұл жөнінде Ә.Марғұлан: «Біздің заманымызға дейінгі XIII-XII ғасырларда-ақ темірдің молынан өндіріле бастағанын спектральды талдау анықтап беріп отыр», – деп жазды. Оған Қалайы қазған, Алтын тапқан, Жезқазған, Теміртау, Жезді, Рудный және т.б. географиялық атаулар толық дәлел бола алады.

Батыс Қазақстан топонимиясындағы жер ерекшеліктеріне байланысты қойылған жерсу, елді-мекен атауларды туристердің қызығушылығына үлкен септігін тигізеді. Оған дәлел Қара өзен Саратов облысының аумағына кіретін Жалпы Сырттың оңтүстік беткейлерінен бастауын алып (ұзындығы 584 км), Қамысты-Самар көліне құяды. Өзенінің арнасы жазықтағы өзендерге тән иірімді тізбектеліп келеді, онда өзеннің жағалары тік, әрі қалың шабындық өсімдік түрлеріне бай (Марғұлан 1949).

Қара және Сары өзендерін физикалық географиялық тұрғыда зерттеген (XIX ғасырдың 30-40 жылдары болған орыс Географиялық қоғамының мүшесі) Я.В.Ханыков еңбегінде өзендер жағалауларының қамысты, талды, суы тұщы және оңтүстікке Каспий жағалауына дейін қос өзен аралығында шаруашылыққа жайлы жайылым жайлауы болғанын негіздейді.

А.К.Кононов пен Э.М.Мурзаевтың байқауынша «қара» сөзі түрік географиялық терминологиясында өзінің негізі мағынасынан басқа қосымша «жер», «құрлық», «топырақ» мағыналарына ие болатынын топшылайды (Марғұлан 1996).

Ал, Т.Жанұзақов Орталық Қазақстан топонимиясындағы Қарасу гидронимдерін ағынсыз, көлшік болып қалған өзендердің «ағынсыз» деген мағынасын білдіре алатынын тұжырымдайды. Сонымен қатар «қара» сөзіне байланысты фразалардың лексикалық-семантикалық жалпы түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестеріне «қара халық, қара табан, қара шаңырақ, қара жер, қара қазан» жатады (Мурзаев 1984). Қара

өзен мағынасын түсіндіруде «қара» сөзімен жоғарыда келтірілген мәліметтерге қосарымыз атау бұрынғы ата-бабаларымыз географиялық таным бойынша Қара өзен атауын жағалауындағы өсімдіктердің көп түрлілігі мен молдығына байланысты «Қара отты (жағалауы) өзен» мәнінде атаған деп негіздейміз.

Ақтөбе облысында Морттық кеншарының аты – дәрілік өсімдік – «морттық» сөзінің этимологиясынан келіп шыққан. Сондай-ақ, Қурайлы, Өлеңті, Миялы, Қандыағаш т.б. атаулары бар. «Қандыағаш» сөзін көбіне «Қан шашылған», яғни қырғын оқиғалармен түсіндірілетін баламалар кездеседі (Қазақ энциклопедиясы 1997, Конкашпаев 1951). Ол түсініктердің көңілге қонымсыздығын Э.М.Мурзаев өз еңбегінде былайша көрсетеді: «Қан» сөзі – атау тұлғада «от», «молшылық» мағыналарын береді немесе «шөбі қалың жер». Сайып келгенде Қандыағаш атауы қалың ағаш өскен, орманды жер болғанын білдіреді. Сондай-ақ, орманды дала зонасында кең тараған ольха ағашының қазақша нұсқасы «қандыағаш» (қайың тұқымдас жапырақты ағаш). Осы деректер негізінде өңірде кезінде өскен қандыағаш ағашының атымен байланыстырамыз.

Географиялық атаудың мағыналы мазмұнын анықтайтын топонимнің негізі – мемлекеттік тілдегі географиялық терминдер. Географиялық терминдердің таралатын нақтылы географиялық кеңістігі, аймағы, аумағы болуы, терминнің ең өзекті деген белгілерінің бірі және жер табиғатының мазмұндық ерекшеліктерін анықтайды (Горбунов 2006). Дәлел, тау, қыр, белес дөң, жал, жота, кез (екі таудың түйіскен жері), сырт, тау, таз (таудың басы, өсімдік аз шығатын жер), оба, тас, теріскей, текше (үстірт жер), сілемдер, төбе, төрткүл (таудың ұшар басындағы тегіс жер), тұран (тау үстіндегі су жинайтын ойпаң жер), үстірт, үңгір, шоңғал (биік шың), шоқы, шың (чинк), тік жарқабақ немесе үстіртті аймақтың бұлтығы, құз.

Географиялық атауларды оқып үйренуге байланысты жүргізілетін жұмыстардың ішінде географиялық картамен жұмыс жасау басты орын алады. Оқу курсына көптеген тақырыптық карталарды шебер пайдаланып, карта түрлерімен жұмыс жасау күрделі логикалық тәсіл. «Туризм» мамандығының маманы студенттерге туристік термин мен жер-су атауларының мағыналарын дұрыс танып, дағдыландыру қажет (Аяпбекова 2013). Жаңа мыңжылдықтың талабына сай жоғарғы оқу орындарында оқу-тәрбие үрдісі арқылы студенттерге терең

білім берумен қатар логикалық ойлануына, пән тілінде (туристік термин, туристік ұғым) сөйлеу мәдениеті мен табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруға пайдаланады (Мурзаев 1974; никитинский 2013).

Студенттердің туристік терминдердің мағыналарын қалай ажыратып, қалай қолдануына зер салып, жауапкершілікпен қадағалаған жөн, «Туризм және халықаралық топонимика» пәннің табысты оқытудың маңызды шарты. Себебі, студенттер олардың негізгі ерекшеліктерін білу мен қатар білімдік маңызын меңгереді.

Мәселен, Еуразия материгінің аумағын қамтитын топонимдерде, кең тараған халықтық географиялық термин – «шатқал». Шатқал Алматы облысындағы Кеген мен Нарынқол көрші аудан аралығында. Екеуі де Іле, Күнгей, Теріскей Алатауларының етегіндегі тау аралық аңғарларға орналасқан. Сырттай қарағанда, екі таудың үзіліскен тұсы бетегелі, жусанды майда қырқа секілді (никонов 1974; никонова 1965). Ұсақ-ұсақ боз төбелер, қырат, күнгейлер ғана көзге шалынады. Жақындап келгенше, табан астың заңғар биік жартастар екенін аңғармай да қаласың. Әлгі екі өзеннің суы қосылып ағып, тау арасында осындай бір құзға құяды. Бұл жердің аңғары кең. Арғы-бергі қарсысына осындағы жартастарға ұя салған құстар ғана ұшып өте алады. Ал жартастың алдыңғы екі босағасы тар қысаң. Су бөгеліп ағады. Сол үшін де жартастың кең аңғары көкпенбек шалқыған көлге айналған. Осы бір ғажайып жерді жергілікті халық Шатқал дейтін (сурет 1).

«Жар» – жер бетінің жауын-шашын мен қар суының бұзу әрекеті салдарынан пайда болған тік қабырғалы ойпаң формасы. Жер бетінде ағаштардың, өсімдіктердің жоқтығы, беткейлердің дұрыс жыртылмауы жаралардың түзілуіне себепші болады, ұзындығы кейде бірнеше километрге, ені мен тереңдігі бірнеше ондаған метрге жетеді (сурет 2).

«Сай» – қар және жаңбыр суының әрекетінен пайда болатын жыра, басқаша айтқанда, жыраның ақырғы сатысы, беткейлер мен үстін шым басқан (Попов 1965; Поспелов 1971). Жылдың басым бөлігінде құрғақ болып, қайсыбір маусымда су алып жататын көлбеу беткейлі ойыс. Сайдың ұзындығы 10-15 км-ге, тереңдігі ондаған, ені жүздеген метрге дейін жетеді, табаны мен беткейлері шабындық ретінде пайдаланылады, бау – бақша өсіріліп, онда елді – мекендер орналасады (сурет 3).

Тақыр – (түріктің тақыр – тегіс, жалаңаш

деген сөзінен шыққан) – Орта Азия мен Қазақстанның шөл және шөлейт жерінде кездесетін, беті тегіс сазды учаскелер, көктемде су басып жатса, жазда – беті тақыр, құрғақ болады, сызаттанып жарылып кетеді. Өсімдік жамылғысы мүлде болмайды. Қарашірігі өте аз, жауыннан кейін уақытша көлдер пайда болады (сурет 4).

Вербальды (жазу-сызу жоқ) дәуірлерде көшпелі өмір салтының аясында қалыптасқан жер-су атаулары тарихи талай жолдан, небір заман елегінен өтіп, бүгінгі ұрпаққа атақты билер мен жыраулардан қалған халық зердесінде теңдесі жоқ асылындай сақталған сөз маржандары арқылы жетіп отыр.

Халқының табиғатты пайдалану ерекшеліктері топонимика жүйесінің мағыналық жүктемесін байытып және жер-су атауларының табиғатын туристерге тану мәселелерін көтереді. Себебі, жер-су, елді мекен және ірі физикалық-географиялық нысандар атаулары көптеген әлем елдерінде белсенді түрде қолданылып, қарым-қатынас аясында қызмет етуде (Поспелов 1971). Шығыс зерттеушісі ғалым, академик В.В.Бартольдтың айтқанындай «... түрік халықтарының арасында топоним атауы өзінің қарапайымдылығымен және тарихи деректерімен таң қалдырды», – деп. Халық ерте кезден-ақ, табиғат адамның ақыл-ойы мен сезімін тәрбиелеудің сарқылмас қайнар көзі екендігін көре біліп, «ұл-қызына қоятын жақсы аттарды, орналасқан жерінің айналасындағы қоршаған ортаға және жердің ерекшелік, қасиетін көрсететін атаумен атаған» (Сейдімбеков 1981; Халид 1992). Себебі жер атаулары – тұтас халықтың ғұмыр-тіршілігінің, ұғым-түсінігінің, талғамының, табиғат ландшафтысының айнасы.

### Қорытынды

Бүгінгі кемел уақытымызда ту етіп көтеріп отырған табиғатты қорғау мәселесінің аясына сол табиғаттың ғасырлар бойы еншілеп келген сырлы атауларын сақтау да енеді. Мұның тарихи, саяси, тәрбиелік мәні айырықша. Болашақ ұрпақты, туристерді туған жер табиғаты өзінің алуан реңді сұлулығымен ғана қуантып қоймауы керек, өмірдің өзіндей көне атаулар шежіресімен де баурауымыз керек.

Қорыта келгенде, қазақ халқының талай ғасыр рухани дамуының арқасында жетілген, ХХІ ғасыр дәрежедегі географиялық картадағы атаулардың тарихи эволюциялық дамуы, қазіргі заман географиясының теориясы мен

практикасы үлгісімен (жоғарыда келтірген I-IV деректер) ғылыми негізде қалыптасып, зерттелгені орынды.

Туризм мамандығындағы студенттердің басты міндеті – шаруашылық мақсаты үшін аймақты тиімді пайдалану және табиғатты қорғау, оларды қалпына келтіру мен көбейту

бағытындағы шараларды ғылыми тұрғыда негіздеу болғандықтан нысандардың физикалық географиялық фактор сипатын көрсететін атаулар мен этнографиялық, тарихи-әлеуметтік фактор яғни адамдардың шаруашылық, тұрмыстық іс-әрекеттері мен қоғамдық қатынастарын көрсететін атауларды меңгергені қажет.

### Әдебиеттер

- 1 Аяпбекова А.Е. (2013) Геожүйені құраушы топонимдер: Оқу құралы – Астана: «Тұран-Астана», – 108 б.
- 2 Аяпбекова Ә.Е. (1999) Табиғат заңдылықтарын зерттеудегі халықтық қағидалар. // Изденіс. №2. -105-107 б.
- 3 Бартольд В.В. (2015) История. География. Этнография. Двенадцать лекций по истории тюркских народов Средней Азии – М., – 244 с.
- 4 Бірмағамбетов Ә. (1986) Туған өлкені зерттеушілер. Алматы, -66 б.
- 5 Горбунов А. (2006) Горы Центральной Азии. Толковый словарь географических названий и терминов.– Алматы, – 132 с.
- 6 Гумилев Л.Н. (1979) Этногенез и биосфера земли. Том I-III. – Л.
- 7 Ердаuletов С.Р. (2000) География туризма: история, теория, методы, практика. – Алматы. - 336 с
- 8 Ердаuletов С.Р. (2010) География туризма: основы учебного курса по туризму: 2-й выпуск, - Алматы: Казахский университет. – С.111-113
- 9 Жанұзақ Т., Рысберген Қ. (2004) Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: «Азия». -128 б.
- 10 Каспий қайраңы. (1996) – Алматы. - 277 б
- 11 Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Батыс Қазақстан облысы. (2008) – Алматы. – Т. 12. - 283 б.
- 12 Қазақстан Республикасы топонимдері. Топонимы Республики Казахстан. (2001) – Алматы. – 365 б.
- 13 Қазақ энциклопедиясы. (1997) – Алматы: Атамұра, - 384 б
- 14 Қазақ Совет энциклопедиясы. (1980) – Алматы. - 750 б.
- 15 Керімбаев Е. (1984) Атаулар сыры. – Алматы. - 119 б.
- 16 Керімбаев Е.А. (1992) Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: автореф... докт. филол. наук.- Алма-Ата. - 61с
- 17 Конкашпаев Г.К. (1951) Казахские народные географические термины. // Изв. АН Каз. ССР, серия географическая. Вып. 3, № 99. – С. 3 – 47
- 18 Конкашпаев Г.К. (1963) Словарь казахских географических названий. – Алма -Ата: АН Каз. ССР. – 185 с.
- 19 Марғұлан А.Х. (1949) Древние карванные пути через пустыню Бетпак дала. // Вестник АН Каз. ССР. №1. – С. 46-79.
- 20 Марғұлан Ә.Х. (1996) Ежелгі мәдениет кұалары. Алматы. -177 б.
- 21 Мурзаев Э. М. (1984) Словарь народных географических терминов.- М.: Мысль.-653 с.
- 22 Мурзаев Э.М. (1974) Очерки топонимики. – М., - 287 с.
- 23 Никитинский Е.С., Рустембаев Б.Е., Габдуллина М.Х., Аяпбекова А.Е. (2013) Туризм мен туристік қызметті басқарудың тұрақты даму теориясы мен тәжірибесі: оқу құралы. – Астана.
- 14 Никонов В.А. (1974) Имя и общество. — М.: Наука. — 276 с.
- 15 Никонова В.А. (1965) Введение в топонимику. – М., - 178 с.
- 16 Попов А.И. (1965) Географические названия. Введение в топонимику. – М., - 170 с.
- 17 Поспелов Е.М. (1971) Топонимика және картография. - М.,-124 с
- 18 Поспелов Е.М. (1971) Туристу о географических названиях. – М., -124 с.
- 19 Сейдімбеков А. (1971) Күнгір-күнгір күмбездер. – Алматы. -240 б.
- 20 Халид Қ. (1992) Тауарих хамса: (Бес тарих) / Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. – Алматы: Қазақстан. – 304 б.

### References

- 1 Ai'apbekova A.E. (2013) Geoju'i'eni quray's'y toponi'mder [Toponyms: constitutes of geosystem]: Oqu' quraly – Astana: «Turan-Astana», – 108 b.
- 2 Ai'apbekova A'.E. (1999) Tabi'g'at zan'dylyqtaryn zerttey'degi halyqytyq qag'i'dalar [People's principles in the study of natural laws] // Izdenis. №2. -105-107 b.
- 3 Bartoldt V.V. (2015) I'stori'i'a. Geografi'i'a. Etnografi'i'a. Dvenadtsat leksi'i' po i'stori'i' ti'y'rkski'h narodov Srednei' Azi'i' [History. Geography. Ethnography. Twelve lectures on the history of Turkic peoples in Middle Asia]– М., -244 s.
- 4 Birmag'ambetov A'. (1986) Ty'g'an o'lkeni zerttey's'iler [Researchers of native land] Almaty, -66 b.
- 5 Gorby'nov A. (2006) Gory Tsentralnoi' Azi'i'. Tolkoviy' slovar' geografi'c'eski'h nazvani'i' i' termi'nov [Mountains of Central Asia. Explanatory Dictionary of Geographical Names and Terms].– Almaty, – 132 s.



- 6 Gy'mi'lev L.N. (1979) Etnogenez i' bi'osfera zemli' [Ethnogenesis and biosphere land] Tom I-III.
- 7 Erdavletov S.R. (2000) Geografi'i'a ty'ri'zma: i'stori'i'a, teori'i'a, metody, prakti'ka. [Geography of tourism: history, theory, methods, practice] – Almaty. - 336 s
- 8 Erdavletov S.R. (2010) Geografi'i'a ty'ri'zma: osnovy y'c'ebnogo ky'rsa po ty'ri'zmy' [Geography of tourism: The bases of tourismology course tutorial] 2-i' vypy'sk, - Almaty: Kazahski'i' y'ni'versi'tet. - S.111-113
- 9 Januzaq T., Rysbergen Q. (2004) Qazaq onomasti'kasy: jetistikteri men bolas'ag'y [Kazakh Onomastics: Achievements and Prospects] – Almaty: «Azi'i'a». -128 b.
- 10 Kaspi'i' qai'ran'y. (1996) – Almaty. - 277 b
- 11 Qazaqstan Respy'bli'kasynyn' geografi'i'alyq atay'larynyn' memlekettik katalogy. Batys Qazaqstan oblysy. [State catalog of geographical names of the Republic of Kazakhstan. West Kazakhstan region] (2008) – Almaty. – T. 12. - 283 b.
- 12 Qazaqstan Respy'bli'kasy toponi'mderi. Toponi'my Respy'bli'ki' Kazahstan.[ Toponyms of the Republic of Kazakhstan] (2001) – Almaty. – 365 b.
- 13 Qazaq entsi'klopedi'i'asy. (1997) [The Kazakh Encyclopedia] – Almaty: Atamura, - 384 b
- 14 Qazaq Sovet entsi'klopedi'i'asy. (1980) [The Soviet Encyclopedia] – Almaty. - 750 b.
- 15 Kerimbaev E. (1984) Atay'lar syry [The names of the characters] – Almaty. - 119 b.
- 16 Keri'mbaev E.A. (1992) Etnokly'ty'nyye osnovy nomi'natsi'i' i' fy'nktsi'oni'rovani'i'a kazahski'h sobstvennyh i'men: [Ethnocultural foundations and nomenclature of Kazakh personalities] avtoref....dokt. fi'lol. nay'k.- Alma-Ata. - 61s
- 17 Konkas'paev G.K. (1951) Kazahski'e narodnye geografi'c'eski'e termi'ny [. Kazakh geographical term] // I'zv. AN Kaz. SSR, seri'i'a geografi'c'eska'i'a. Vyp. 3, № 99. – S. 3 – 47
- 18 Konkas'paev G.K. (1963) Slovar kazahski'h geografi'c'eski'h nazvani'i' [Dictionary of geographical Kazakh geographical expressions] – Alma -Ata: AN Kaz. SSR. – 185 s.
- 19 Margy'lan A.H. (1949) Drevni'e karvannye py'ti' c'erez py'styni'y' Betpak dala [Dark Caravans pass through the Betpak steppe] // Vestni'k An Kaz. SSR. №1. – S. 46-79.
- 20 Marg'ulan A'.H. (1996) Ejelgi ma'deni'et ky'a'lary [Ancient cultural witnesses] Almaty. -177 b.
- 21 My'rzaev E. M. (1984) Slovar narodnyh geografi'c'eski'h termi'nov [Dictionary of national geographical terms ] - M.: Mysl. – 653 s.
- 22 My'rzaev E.M. (1974) Oc'erki' toponi'mi'ki' [Essay of Toponyms]. – M., - 287 s.
- 23 Ni'ki'ti'nski'i' E.S., Ry'stembaev B.E., Gabdy'lli'na M.H., Ai'apbekova A.E. (2013) Ty'ri'zm men ty'ri'stik qyzmetti basqary'dyn' turaqty damy' teori'i'asy men ta'jiri'besi [Theory and practice of sustainable development of tourism and tourist service management]: oqy' quraly. – Astana.
- 24 Ni'konov V.A. (1974) I'mi'a i' obs'estvo [The name and the society] — M.: Nay'ka. — 276 s.
- 25 Ni'konova V.A. (1965) Vvedeni'e v toponi'mi'ky' [Introduction to the toponymy] – M., - 178 s.
- 26 Popov A.I'. (1965) Geografi'c'eski'e nazvani'i'a. Vvedeni'e v toponi'mi'ky' [Geographical expressions. Introduction to the toponymy]. – M., - 170 s.
- 27 Pospelov E.M. (1971) Toponi'mi'ka ja'ne kartografi'i'a [Toponimics and cartography]. - M.,-124 s
- 28 Pospelov E.M. (1971) Ty'ri'sty' o geografi'c'eski'h nazvani'i'ah [Tourists about geographical names]. – M., -124 s.
- 29 Sei'dimbekov A. (1971) Ku'n'gir-ku'n'gir ku'mbezder [Dark domes]. – Almaty. -240 b.
- 30 Hali'd Q. (1992) Tay'ari'h hamsa: (Bes tari'h) [Tawarikh Hamza: (Five Stories)] / Ay'd. B.To'tenaev, A.Joldasov. – Almaty: Qazaqstan. – 304 b.